



«Бекітемін»
Мектеп директоры:  К.Алтаева

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

Мақсаты:

- жасөспірімдерге жыныстық тәрбие мен жеке бас жауапкершілігі туралы түсінік беру;
- оқушылардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, алдын алу шараларын жүйелі жүргізу;
- Ата-аналардың, сынып жетекшілері мен медицина қызметкерлерінің өзара байланысын нығайту;
- Зиянды әдеттердің, девиантты мінез-құлықтың және құқықбұзушылықтың алдын алу.

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылардың ерте жүктіліктің салдары мен қауіп қатерлері туралы түсінігі артады;
- Жасөспірімдердің өз-өзіне деген жауапкершілігі мен сенімділігі қалыптасады;
- Ата-аналар мен педагогтар арасында бірлескен тәрбие жұмысы нығаяды;
- Репродуктивті денсаулық мәдениеті дамиды.

№	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1.	Ерте жүктіліктің алдын алу бойынша ақпараттық бұрыш ашу.	Ақпарат бұрышы	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Медбике М.Ханаева	қыркүйек
2.	«Жасөспірім шак және жауапкершілік»	Хаттама, сілтеме	ДТЖЖО А.Тунгушбаева	қыркүйек
3.	Психологпен кездесу «Өзінді бағала және өзінді құрметте»	Кездесу хаттамасы	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова	қазан
4.	«Жасөспірім және заң» кездесу	Хаттама, фотомәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Инспектор Ж.Жалғасбай	қараша

5.	Медициналық қызметкермен кездесу «Жыныстық жетілу кезеңі және денсаулық»	Хаттама, фотомәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Медбике М.Ханаева	желтоқсан
6.	«Зиянды әдеттердің зардабы» тақырыбында сабақ	Хаттама, фотомәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Медбике М.Ханаева	Қаңтар
7.	«Қыз бала өмір шуағы» қыздар кеңесі отырысы	Хаттама, фотомәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева «Бойжеткен» қыздар кеңесі жетекшісі	ақпан
8.	«Бала тәрбиесіндегі ата ана жауапкершілігі» ата -аналар жиналысы	Хаттама, фотомәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова	наурыз
9.	«Интернет және ерте жүктілік тәуекелі» тақырыбында кездесу	Хаттама, фотомәлімет	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Психолог М.Адилова	Сәуір
10.	Қыздар мен ұлдар арасында сауалнама «Мен өз денсаулығым үшін жауаптымын»	Сауалнама нәтижесі	ДТЖЖО А.Тунгушбаева Медбике М.Ханаева Психолог М.Адилова	Мамыр
11.	Жылдық қорытынды мониторинг және талдау	есеп	ДТЖЖО А.Тунгушбаева	Мамыр

Орындаған ДТЖЖО А.Тунгушбаева



**«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ
Жасөспірімдер арасында ерте жүктіліктің алдын алу
бойынша атқарылған жұмыстар есебі
2024-2025 оқу жылы**

«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектебінде 2024-2025 оқу жылы барысында жасөспірімдерге жыныстық тәрбие мен жеке бас жауапкершілігі туралы түсінік беру, оқушылардың психологиялық және физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, алдын алу шараларын жүйелі жүргізу, ата-аналардың, сынып жетекшілері мен медицина қызметкерлерінің өзара байланысын нығайту, зиянды әдеттердің, девиантты мінез-құлықтың және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ерте жүктіліктің алдын алу жоспары жасалып, іс шаралар атқарылды.

Міндеттері:

- Жасөспірімдерге жыныстық жетілу, өзін өзі бағалу және жауапкершілік туралы түсінік беру;
- Қыз балалар мен ұл балалар арасында әдептілік пен мәдениетті мінез құлық қалыптастыру;
- Ата аналармен және медицина қызметкерлерімен бірлесе отырып профилактикалық шаралар ұйымдастыру
- Ерте жүктілікке әкелетін қауіп факторларының алдын алу.

Атқарылған жұмыстардың мазмұны:

Ұйымдастыру кезеңі

2024-2025 оқу жылына арналған ерте жүктіліктің алдын алу бойынша жылдық жұмыс жоспар бекітілді. Психолог М.Адилова, медбике М.Ханаева және әлеуметтік педагог А.Мелдебекпен бірлескен жұмыс тобы құрылды. Оқу жылының қыркүйек, қазан айларында 6-11 оқушылар арасында анонимді сауалнама жүргізіліп, психологиялық педагогикалық талдау жасалды.

Ақпараттық түсіндіру және тәрбиелік шаралар

Оқу жылының қыркүйек айында «Репродуктивті денсаулықты сақтай білейік» атты ақпараттық бұрыш жасалды.

Қыркүйек айында 7-8 сынып оқушыларына ДТІЖО А.Тунгушбаева, психолог М.Адилова, сынып жетекшілермен бірлесе «Жасөспірім шақ және жауапкершілік» тақырыбында сабақ өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойында жауапкершілік, адамгершілік, өз ісіне есеп бере білу, қоғам алдындағы парызын сезіну, қасиеттерін қалыптастыру. Жасөспірімдердің өзін өзі тануына, тәртібін, мінез құлқын дұрыс бағытта дамытуға ықпал ету. Сабақ барысында топтық жұмыс, бейнеүзінді көру, пікірталас, тренинг жаттығулары өткізіліп, рефлексия жүргізілді.

Психолог М.Адилова, әлеуметтік педагог А.Мелдебек және сынып жетекшілердің ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушыларына «Өмір таңдауы өз қолыңда» тақырыптарында тәрбиелік сағаттар өткізілді. Мақсаты: оқушыларды өз

өмір жолына, мамандық тандауға және жеке шешім қабылдауға жауапкершілікпен қарауға үйрету, өз қабілетін тануға, өмірлік мақсат қоюға бағыттау. Сабақтар барысында үш топтық тапсырмалар беріліп, «Өміріңді өзгертетін бір шешім» атты бейнеүзінді көрсетілді, талқылау сұрақтары берілді. Пікірталас бөлімінде «Адам өз өмірін өзі қалыптастырады» айдарыммен мұғалім сұрақтараны жауап берді. «Өмір бағыты» ойыны арқылы тренинг жаттығулары өткізіліп, мұғалімдер дәйексөздермен қорытындылады. Сабақ соңында рефлексия жасалды.



Оқу жылының қазан айында психолог М.Адилова 6-11 сынып жетекшілерімен бірлесе оқушыларға «Өзіңді бағала және өзіңді құрметте» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді. Мақсаты: оқушылардың өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімділік және өзін құрметтеу сезімін арттыру, өз тұлғалық қасиеттерін тануға және бағалауға үйрету. Психолог «Шаттық шеңбері» әдісімен бастап, кіріспе әңгіме жүргізді, сұрақтарға жауап алды. Негізгі бөлімде «Менің жақсы қасиеттерім» тақырыбында оқушылар тапсырма орындады. Талдау сұрақтары, «Айнадағы бейне», «Жүрек жылуы» әдістері жүргізілді. Сабақ қортынды сөзбен және кері байланыспен аяқталды.



Оқу жылының қараша айында 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Жасөспірім және заң» тақырыбында мектеп учаскелік полиция инспекторы Ж.Жалғасбаймен бірлесіп дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру, құқықтық білімін арттыру, заңды бұзушылықтың алдын алу және өз іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауға

тәрбиелеу. Оқушыларға «Құқық бұзушылықтың салдары» атты қысқаша әлеуметтік бейне көрсетілді. Мектеп инспекторы «ҚР Конституциясындағы жасөспірімдердің негізгі құқықтары», ҚР әкімшілік және Қылмыстық кодексындағы жасөспірімдерге қатысты баптар», мектеп оқушылары арасында кездесетін құқықбұзушылық түрлері, заң алдындағы жауапкершілік жасы жөнінде баяндама оқыды. Келесі кезекте ортаға талқыланатын сұрақтар беріліп, топтық жағдайлар талданды. Қорытынды бөлімде оқушылар өз пікірлерін білдіріп, жүргізуші «Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» деп қорытындылады.

Оқу жылының желтоқсан айында 7-9 сынып оқушыларына психолог М.Адилова мен мектеп медбикесі М.Ханаеваның қатысуымен «Жыныстық жетілу кезеңі және денсаулық» тақырыбында әңгіме, кеңес беру сабағы өткізілді. Мақсаты: жасөспірімдерге жыныстық жетілу кезеңінің ерекшеліктерін түсіндіру, денсаулықты сақтау мен жеке гигиена ережелерін үйрету, өз денесіне жауапкершілікпен қарауға және ұят пен әдептілікті сақтауға тәрбиелеу. Сабақ ережесі орнатылып, кіріспе әңгімеде психолог түсіндіру жүргізді, талқылау сұрақтарын берді. Медбике жыныстық жетілудің физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері туралы қысқаша мәлімет берді. Тазалық пен жеке гигиенаны сақтау, дұрыс тамақтану туралы кеңестер берді.



Профилактикалық бағыттағы жұмыстар

Оқу жылының желтоқсан айында ДТЖЖО А.Тунгушбаеваның ұйымдастырумен 8-11 сынып оқушыларына «Зиянды әдеттердің зардабы» тақырыбында сабақ ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушылардың зиянды әдеттердің (темекі, вейп, есірткі, интернет тәуелділік, энергетиктер) адам өмірі мен денсаулығына кері әсерін түсінуге үйрету, дұрыс өмір салтын ұстануға тәрбиелеу. Оқушыларға зиянды әдеттердің түрлері және олардың адамға әсері туралы түсіндірілді. Топтық жұмыс жүргізіліп, оқушылар өз ойларын жазып, қорғады. Пікірталас кезеңінде оқушылар белсенді болды. Рефлексия кезеңінде «Менің таңдауым» әдісі жүргізілді.



Ер балалар мен қыз балаларға жеке әңгімелер жүргізіліп, сенім телефондары таныстырылды.

Оқу жылының сәуір айында ДТЖОКО А.Тунгушбаева мен информатика пәні мұғалімі А.Урманшиковпен бірлесе ұйымдастырумен 9-11 сынып оқушыларна «Интернет және ерте жүктілік тәуекелі» тақырыбында медиасауаттылық сағаты өткізілді. Мақсаты: жасөспірімдердің интернет кеңістігін қауіпсіз пайдалану дағдыларын дамыту, жалған ақпарат пен зиянды контенттің салдарын түсіндіру, ерте жүктілік тәуекелдерінің алдын алу жөнінде түсінік қалыптастыру.

Ата-аналармен жұмыс

Оқу жылының наурыз айында «Бала тәрбиесіндегі ата ана жауапкершілігі» ата-аналар жиналысы өткізілді. Ата-аналарға арналған жадынама мен психологиялық кеңес материалдары таратылды. Отбасындағы қарым қатынас пен сенім мәселесіне қатысты жеке кеңестер берілді.

Оқу жылының мамыр айында қыздар мен ұлдар арасында «Мен өз денсаулығым үшін жауаптымын» тақырыбында сауалнама алынып, нәтижесі шығарылды. Көпшілік оқушылар денсаулығына жауапкершілікпен қарайтындығы анықталды, дегенмен, кейбіреулері әлі де мән бермейтіндігі байқалды.

Нәтижелер мен қорытынды

- ✓ Жыл бойы ерте жүктілік фактісі тіркелген жоқ
- ✓ Қыз балалардың жеке бас мәдениеті мен өзін-өзі бағалау деңгейі артты
- ✓ Репродуктивті денсаулық және жауапты мінез-құлық туралы түсінік кеңейді.
- ✓ Ата-аналар мен педагогтар арасындағы ынтымақтастық нығайды.

Қорытынды

Оқу жылы ішінде ерте жүктіліктің алдын алу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Педагогтар, психолог, медбике және ата-аналар арасындағы өзара іс-қимыл нәтижесінде оқушылардың өмірег, өз болашағына деген жауапкершілігі артты. Келесі оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарды өмірлік дағдыларды дамыту, эмоционалдық сауаттылық және психологиялық қолдау бағыттарында жалғастыру жоспарлануда.

Орындаған ДТЖОКО А.Тунгушбаева